

Тұрмыстық
зорлық-
зомбылықты
болдырмау



ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ТҮРЛЕРІ

Зорлық-зомбылық – отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында бір адамның басқаға (басқаларға) қатысты дене зардабын және (немесе) психикалық зардап келтіретін немесе келтіру қаупі бар құқыққа қарсы қасақана әрекеті (іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі)

Күш көрсету зорлық-зомбылығы – дене күшін қолданып, денені ауыртып денсаулыққа қасақана зиян келтіру

Психологиялық зорлық-зомбылық - адамның психикасына қасақана әсер ету, оны қорқыту, қорлау, бопсалау, немесе құқық бұзушылықтарды немесе өмірге немесе денсаулыққа қауіп төндіретін, сондай ақ психикалық, дене және жеке басы дамуының бұзылуына өкелетін әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу (еріксіз көндіру) арқылы ар-намысы мен абыройын кемсіту

Сексуалдық зорлық-зомбылық – жыныстық тиіспеушілігіне немесе жыныстық еркіндігіне қауып төндіретін құқыққа қарсы қасақана іс-әрекет, сондай ақ, кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы іс-әрекеттер

Экономикалық зорлық-зомбылық - адамды заңмен көзделген құқығы бар тұрғын үйінен, тамағынан, киімінен, мүлкінен, қаражатынан қасақана айыру, бұл дене саулығының және (немесе) психикалық денсаулығының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін

Зорлық-зомбылық құқықта «Бір адамның екінші бір адамға, оның жеке басына тиіспеушілік құқығын бұзатын тәни және психикалық ықпал жасауы» делінген.

Тән азабын шектірген зорлық – адамның ағзасына тікелей әсер ету, ұрып-соғу, денесіне зақым келтіру, тағы басқа. Тән азабын шектірген зорлықтың салдарынан жәбірленушінің денсаулығына зиян келтірілуі мүмкін.

Жан азабын шектірген зорлық – жәбірленушінің қарсылық көрсетуіне, өз құқықтары мен мүдделерін қорғауына деген ерік жігерін жасыту үшін қорқыту, адамның психикасына әсер ету. Жан азабын шектірген зорлық жүйке ауруына немесе тіпті жан ауруына ұшыратуы мүмкін.

Адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті әдіс қолданылып жасалған қылмыстар «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің» тиісті баптарына сәйкес жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар болып табылады.

Бала өзіне керекті рухани дүниенің барлығын қоршаған ортадан алады. Зорлық-зомбылық тәрбиесіздіктен де туындайды. Бұл мәселе жөнінде біздің ұлы бабамыз Әбу Насыр әл Фараби: "Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілу керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы" - деген болатын.



Елімізде зорлық-зомбылыққа қатысты 20 дағдарыс орталығы бар. Әйелдер мен балаларға арналған зорлық-зомбылық проблемасы елімізде елеулі мөлшерде асқынды. Статистикалық мәліметке қарағанда елде жыл ішінде 500-дей әйел мен бала тұрмыстағы зорлық-зомбылық құрбаны болады екен. Отбасылардың қиюы қашуының басты бір себебі — жанұядағы зорлық-зомбылық.



«Ата көрген оқ
жонар, шеше көрген
тон пішер» - демекші
балаға отбасы
тәрбиесінің әсері
мол. Тәрбиеге әсер
беретін өскен орта,
ата-ананың тәрбиесі
дұрыс болмаса,
жаман әсерлер
адамды азғырып,
түрлі жаман мінезді
жұқтырады



Зорлық - зомбылықсыз балалық шақ

Бала тәрбиесінде тәрбиелілікке жетудің жолы – еңбекке, әдептілікке, инабаттылыққа, адамшылыққа, қайырымдылыққа үйрету.

Осылардың барлығын балалардың бойына сіңіріп, күнделікті өмірде әдетке айналдыру тәрбиенің басты мақсаты болмақ.

Сонымен бірге бала тәрбиесіндегі тәрбиелілікке үйретудегі пәрменді тәсіл – адамдардың өзара тәлімі мен үлгісі екенін айтқанымыз жөн. Халық даналығы – «Адамнан - адам тәлім алады, ағаштан – ағаш мәуе алады» деген сөз бекер айтылмаған.

Зорлық — зомбылықтың бала психикасына әсер етуі

1. Бала нашар дамиды: оның психикалық және физикалық дамуы жасына сәйкес келмейді.
2. Бала күтім көрмеген, ұқыпсыз, үстінен күлімсі шығады. Ол сүлесок, жиі жылайды немесе керісінше, агрессивті, ызалы мінез танытады.
3. Бала өзгермелі мінез-құлық танытады: ол үнемі тыныш қалыптан күрт қозған немесе керісінше жағдайға өтіп отырады. Мұндай мінез-құлық көбінесе баланың басқа балалармен нашар байланысқа түсуіне себеп болады, оның оқшаулануына, топтан бөлінуіне алып келеді.
4. Бала өзінің денесіне жиіркенішпен қарайды, тіпті өзіне дене жарақатын салуға дейін барады.
5. Ол шешінуден бас тартады, ыңғайсыз жерлеріндегі көгерген орындар мен жараларды көрсетпеуге ұмтылады.

ШЕШУ ЖОЛДАРЫ:

Зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің алдын алу және қатыгездікке ұшыраған балаларды оңалту жөнінде ведомствоаралық жоспар әзірлеу



Жайлы отбасылық қарым-қатынасты қалыптастыру бойынша үкіметтік емес секторлармен бірлесіп ведомствоаралық өзара іс-әрекеттестікті белсендіру



Зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларға психологиялық, құқықтық көмек көрсету қызметінің жүйелерін дамыту



Халықаралық тәжірибеге сүйеніп зорлық-зомбылық мәселесі бойынша арнайы бағдарламалар әзірлеу және мамандардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру



Тұрғындарың құқықтық мәдениетін көтеру, зорлық-зомбылықтың, қатыгездіктің түрлерімен және жәбірленушілерге көмек көрсету жолдары туралы ақпараттандыруды арттыру

Егер сіз тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болсаңыз, немесе ондай қауіп басыңызға төніп тұрғанын сезсеңіз, онда құқық қорғау органдарының көмегіне жүгініңіз.

Қолданыстағы заңдар арқасында тұрмыстық зорлық-зомбылықты алғашқы кезеңінде, тіпті қол жұмсау әрекетінің алдын-алуға болады.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ:



Отбасын және балалықты қолдау
орталығының сенім телефоны:

**26-68-92;
87017072438;**

Сенім поштасы - doverieko@mail.ru;

«ВКонтакте» қауымдастығындағы «Сенім қызметі»;



Балалар мен жастар үшін бірыңғай ұлттық сенім
телефоны:

**150;
www.telefon150.kz**



Адам саудасына қарсы күрес бойынша тәулік бойы
жұмыс істейтін сенім телефоны:

11616



Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына
арналған
сенім телефоны:

1415.

Үлбі» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы,
дағдарыстық ахуалды шешу бойынша әлеуметтік-
психологиялық көмек бөлімі

77-19-22

e-mail: sentr_ulba@mail.ru.

Қорытынды сөз

Алдымен сүй ардақты ата-анаңды
Үлгілі ұрпақ атадан бата алады.
Бар жақсылық балаға бұл ғаламда
Мейірімнен ананың жасалады.
Жырақ жүрген ата-анасын сағынған.
Ата-анаға сәлем айтқан ән-жырдан
Екеуінің қуанышы, тілегі
Әрқашанда бір арнада табылған.